



**БЕС ӨҢІР СУ ТАСҚЫНЫ ҚАУПІ  
ЖОҒАРЫ АЙМАҚ ҚАТАРЫНА КІРДІ**

2



**ҚАЗАҚТАР ОРАЗАНЫ  
ҚАЛАЙ ҰСТАҒАН?**

5

№08 (748). 27 ақпан, 2026 жыл

*Өзгені сынағанша, өзінді түзет!*

# ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazeti.kz

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады



## ОҚУШЫҒА КІМ ЖАУАПТЫ? ЗАҢ ЖОБАСЫ НЕ ДЕЙДІ?

**Мәжіліс қарауына педагог мәртебесіне қатысты өзгерістер енгізуді көздейтін заң жобасы ұсынылды. Құжат мұғалімдердің құқығын қорғауды күшейтуге бағытталған.**

Жобаға сәйкес, енді педагогтер оқушылардың өмірі мен денсаулығына тек оқу процесі кезінде ғана жауапты болады. Сабақтан тыс уақытта, каникул немесе кешкі мезгілде жауапкершілік ата-аналарға жүктеледі.

Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов жалпы отырыста:

– Педагогтердің балалардың өмірі мен денсаулығы үшін жауапкершілігін тек оқу процесі барысында айқындауды ұсынып отырмыз. Сабақтан тыс уақытта жауапкершілік ата-аналарда болуы тиіс, – деді.

Оның айтуынша, заң жобасында мұғалімдерді кәсіби қызметіне қатысы жоқ түрлі іс-шараларға тартуға тыйым салу нормасы да қарастырылған.

– Сондай-ақ есептілікті бір мезгілде қағаз және электронды форматта жүргізуге тыйым салуды ұсынамыз. Есеп бір форматта ғана болуы керек, – деді депутат.

Сонымен қатар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс аясында педагогтердің құқығын бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейту ұсынылып отыр.

Заңға әлі өзгеріс енген жоқ. Мұғалімдерді бүгінде оқушылардың ораза ұстауы толғандырып отыр. Stan.kz ақпарат агенттігі осы мәселені зерттеп көрді.

### ОҚУШЫ ОРАЗАСЫ: АТА-АНА МЕН МҰҒАЛІМНІҢ ҰСТАНЫМЫ ЕКІ БӨЛЕК

Рамазан айы бастала салысымен мектеп мұғалімдерінен оқушылардың ораза ұстауы туралы түрлі пікір айтылады. Мұғалімдер "сабақта бала шаршап отырады" десе, ата-аналар "балиғат жасына толды, ұстай берсін" дейді. Пікірлер қандай, тиісті министрлік өкілі не дейді?

### «ОҚУШЫҒА БІР НӘРСЕ БОЛЫП ҚАЛСА, МҰҒАЛІМ МЕН МЕКТЕП ЖАУАП БЕРЕДІ, СОЛ ҮШІН АЛАҢДАЙМЫЗ»

Бұл желіде болған әңгіме. Пікір білдірген мұғалімдер оқушылардың ораза ұстауын құптамай отыр. Олардың сөзінше, оқушыға бірнәрсе болса, мектеп жауап беруіне тура келеді. Ал мектеп ораза ұстауды насихаттамайды.

"Оқушы ораза ұстап, мектепте жүргенде оған бірнәрсе болса, сол оқушы өзі жауап бермейді ғой. Әлбетте тікелей мектеп жауап береді. Ораза ұстаған парыз дейсіздер. Иә, ол парыз, бірақ белгілі адамдарға. Дені сау, денсаулығында кінәрат жоқ, асқазан аурулары жоқ адамдарға және кейбірі үшін асқазан ауруларына пайдалы. Ал кейбір денсаулығы болмай жүрген, анемиясы бар, асқазан-ішек аурулары бар, жалпы әлсіздеу оқушылар да, өздерін қинап ұстайды. Ол кезде де парыз дейсіздер ме? Негізі адамның денсаулығы болмаса, өзін қинауы керек деген нәрсе жоқ қой. Білім алу, оқу да – парыз. Егер оқушы бәріне үлгеремін, білімге кедергі келтірмеймін, екі жақты да алып жүремін десе, олар үшін ата-аналарынан қолхат алынады. Ол қолхатта мектеп емес, ата-ана өзі жауап беретіні жазылады.

Кейбір оқушылар ораза кезінде ұйықтап қалып, сәресі ішпей келеді. Содан кейін басы айналып, сабақта ауырып отырады. Бұл әрине баланың оқу процесіне кедергі келтіреді. Одан кейін балаға миын дамытып, өсуі үшін тамақ керек. Өйткені баланың ағзасы – өсіп, дамып келе жатқан ағза. Сонымен қатар ата-анасы баласына не үшін ораза ұстайтынын дұрыстап түсіндіруі керек. Мұны да кейбір ата-ана дұрыс жеткізе алмайды, өйткені өздері де толық білмейді. Кейбірі "Ойбай, парыз екен" деп, балаларының денсаулығын тексертпей жатып, ораза ұстатып қояды", – деп шағымданды мұғалім.

(Жалғасы 2-бетте) ▶

## МЕКТЕП БУФЕТІНЕН MICHELIN-ГЕ ДЕЙІН: ПАРИЖДЕ ФРАНЦУЗДАРДЫ МОЙЫНДАТҚАН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ КІМ?

Париждің тар көшелерінде, Michelin жұлдызы жарқыраған мейрамханалардың ішінде Астанадан шыққан бір қазақ қызы үнсіз ғана еуропалықтарды өнерімен мойындатып жүр. Балнұр Амангелді үшін кулинария – жай кәсіп емес, эмоция, мәдениет және мінез. Ол таңғы төртте мектеп буфетіне десерт пісірген оқушыдан бастап, Le Cordon Bleu дипломдарын иеленген, мишлендік мейрамхананда тәжірибеден өткен жас маманға дейінгі жолды жүріп өтті.

Бұл – кездейсоқ табыс емес. Бұл – тәртіп пен табандылықтың, батыл арман мен еңбектің қосындысы. Париж асханасындағы mise en place енді ол үшін тек ингредиенттерді реттеу емес, өмірді жүйелеудің формуласына айналған. Әр грамм – жауапкершілік, әр текстура – мінез, әр табақ – тарих.

Балнұрдың жолы – «армандасаң болды» деген жеңіл ұран емес, «еңбек етсең – жетесің» деген нақты дәлел. Француз техникасы мен азиялық тереңдікті меңгерген жас аспаздың ендігі мақсаты – сол тәжірибені туған елінің дәмімен ұштастыру. Өйткені әлемдік асхананы бағындырудың ең қысқа жолы – өз тамырыңды ұмытпау.

**El.kz: Балнұр, сіз физика-математика бағытындағы мектептің түлегісіз. Әдетте мұндай түлектер инженерия не қаржы саласын таңдайды. Гастрономияға қалай келдіңіз?**

**Балнұр Амангелді:** Физика-математика бағытындағы мектепті аяқтасам да, мектеп кезінен бастап кәсіпкерлікке деген қызығушылығым жоғары болды. Маған тек жақсы оқу ғана емес, сонымен қатар өзімді тәжірибеде сынап көру, бір істі нөлден бастап құру үдерісін түсіну маңызды еді. Бала кезімнен бері мені гастрономия, әсіресе десерттер әлемі қатты қызықтырды. Анамның асүйде жұмыс істегенін көріп өстім, уақыт өте келе бұл менің күнделікті өмірімнің бір бөлігіне айналды. Пандемия кезеңінде бұл қызығушылық ерекше ашылды: дайын тәттілерді сатып алу немесе тапсырыс беру мүмкіндігі шектеулі болды, сондықтан барлық десерттерді өзім үйде дайындай бастадым. Сол кезде кондитерлік өнімдерді жасау процесінің қаншалықты қызықты, шығармашылыққа толы әрі шабыт беретінін алғаш рет терең сезіндім.

(Жалғасы 4-бетте) ▶



## 83 ЖАСЫНДА САХНА ТӨРІНЕН ТАБЫЛҒАН САҢЛАҚ

6

« ҚЫЗМЕТ » ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295

## ОҚУШЫҒА КІМ ЖАУАПТЫ? ЗАҢ ЖОБАСЫ НЕ ДЕЙДІ?

(Соңы. Басы 1-бетте).

Тағы бір мұғалім оқушының ораза ұстауының білім алуына кедергі болады дейді.

"Мұғалім ретінде айтқым келгені: оқушылардың ораза ұстағанын құптамаймын. Сабақта әлсіреп, ұйықтап, мазасы кетіп отырады. Сілекейін жұтпау үшін сабақ уақытында жүз рет сұранады. Мұғалімнің өзіне ораза туралы сұрақ қойып, дін туралы әңгіме қозғағысы келіп тұрады. Қазір оқушылардың нағыз білім алатын уақыты. Сондықтан ештеңеге аландамай тек сабақ оқыса деймін. Әлі ораза ұстап үлгересіндер деген сұраққа, қашан өлетінімізді білмейміз ғой дейтіндер, ақиқатты да әлі білмейміз ғой..." – дейді мектеп мұғалімі.



### "МЕКТЕП МЕШІТ ЕМЕС"

Мұғалімдердің бұл сөзін ересектер де қолдады. Олар мектеп мешіт емес екенін айтып отыр.

"Мектеп пен университетте балалардың ораза ұстағаны дұрыс емес! Қарны аш, әлсіз баланың сабаққа зауқы болмайды. Білім алуға құлшынбайды. Мешіт емес, кітапханаға барсын. Білім алсын!" – дейді желі қолданушылар.

Мектеп мұғалімдерінің сөзін қолдамағандар да табылды. Олардың айтуынша, мұғалімдер баланы ойынан айнытады. Сабаққа құлшынбауына оразаның қатысы жоқ десті.

"Мұғалімдердің "оқушылар ораза ұстамаса екен" деген бірнеше жазбасын көріп қалдым. Не ол енді? Мен де оқушы кезде ұстайтынмын. Көп мұғалім қарсы болып, атеистік деген. Солай оқушылардың да ойын бұзғысы келеді. Сабақ оқымай қояды дейді. Сабақты қызық қылсаңыз бәрі оқиды. Оразаның дым қатысы жоқ. Басқа мәселелер толып жатыр, неге соны қозғамасқа. Оқушылардың тең жартысы темекі шегіп, төбелесіп, білгендерін істеп жүр. Сол мәселемен айналыссаңыздар жақсырақ болатын еді", – деп пікір білдірді олар.

### ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ НЕ ДЕЙДІ?

Ал Оқу-ағарту министрлігі бұл сұраққа нақты жауап бермей, тек білім беру жүйесі зайырлы сипатты ұстанатынын жеткізді.

"Қазақстанның Конституциясына сай, біздің еліміз зайырлы және құқықтық мемлекет құндылықтарын негізге алады. Бұл ретте орта білім беру жүйесінің зайырлы сипаты – әр оқушының сапалы, ғылымға негізделген және объективті білім алуының кепілі. Мектеп қабырғасында бекітілген ортақ білім беру стандарттары жас ұрпақтың

бәсекеге қабілетті болуына жағдай жасайды. "Адал азамат" біртұтас білім беру бағдарламасы мен ішкі тәртіп қағидаларын сақтау-болашақ зияткер ұлтты қалыптастырудың маңызды шарты", – деп жауап берді Оқу-ағарту министрлігінің өкілі.

### МЕДИЦИНА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОРАЗА ҰСТАУЫН ҚҰПТАЙ МА?

Педиатр Алтынай Хедербекқызының айтуынша, мұсылман қауымға ораза маңызды болғанымен, балаларға келгенде ерекшеліктер бар.

Біріншіден, ораза 15 жасқа толмаған балаларға ұсынылмайды. Әрі оны бір мезетте аяқасты бастаған дұрыс емес, яғни ағзаны ораза айына алдын ала дайындау керек. Оразаға дейін аптасына 1-2 күн ауыз бекітіп, ағзаны дайындау қажет. Ағзаны бірден ұзақ ашықтырып, аяқастынан күйзелтпеу керек. Екіншіден, егер балада мектептегі оқу бағдарламасы қарқынды болса, қосымша физикалық жүктемені қажет ететін секциялары бар болса әрине, ауыз бекітуді шегеру қажет. Себебі ағзаға энергия, ақуыз, микро-макро элементтер өте қажет", – дейді педиатр Алтынай Хедербекқызы.

Егер оқушының анемиясы, гастрит, асқазан-ішек жарасы болса, онда ауыз бекітуді ойламаған абзал.

"Үшіншіден, егер балаңыздың қосымша аурулары болса, мысалы теміртапшылығы, анемия, гастрит, асқазан-ішек жарасы, әрине бұл жағдайда ауыз бекіту туралы ойламаған жөн. Жалпы айтқанда, балаңыздың жасы 15-тен асса, созылмалы аурулары болмаса, мектептегі жүктеме орташа болып, спорттағы белсенділігі азайтса, ауыз-ашар мен сәресіне ақуыз бен дәруменге мол тағамдар беріліп, су мөлшері өтелсе, оған қоса дәрігердің тағайындауымен қосымша дәрумендер берілсе, ауыз бекітуге болады. Ал 15 жастан кіші балаларға ауыз бекітуге кеңес бермеймін, себебі ағза қарқынды дамып, өсіп жатыр. Дәл бұл кезде олардың ағзасы көп мөлшерде ақуыз бен көмірсу, майды қажет етеді. Су мөлшері де өте маңызды. Балалардың дұрыс өсіп-дамуын тежемеген жөн", – деп түйіндеді айтарын дәрігер.

Сонымен қатар біз Денсаулық сақтау министрлігінен де кеңес сұрадық. Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты С.Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығының бізге берген мәліметінше, басты назарға баланың денсаулығы, толыққанды дамуы және оқу үлгерімін де алу керек.

"Дінге сай, ораза ұстау балиғат жасына жеткен және діни шешімді саналы түрде қабылдай алатын мұсылмандарға қатысты. Бұл жасқа дейінгі балаларға ораза ұстау міндеттелмейді. Басты басымдық – баланың денсаулығы, толыққанды дамуы және оқу үлгерімі. Ораза ұстау туралы шешімді ата-аналар баланың жасын, денсаулық жағдайын және медициналық мамандардың ұсынымдарын ескере отырып қабылдауға тиіс. Оразаны денсаулық жағдайы жақсы болғанда ғана ұстауға болады. Созылмалы аурулары, анемиясы, қант диабеті, гастриті бар балалар міндетті түрде дәрігермен кеңесуі қажет", – делінген орталық мәліметінде.

Үкімет Каспийді зерттеуге және сақтауға 1,1 миллиард теңге бөлді. Тиісті қаулыға премьер-министр Олжас Бектенов қол қойған, – деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі.



## КАСПИЙДІ САҚТАУҒА 1,1 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

Президенттің Каспийді кешенді зерделеу және сақтау, сондай-ақ өңірдің экологиялық тұрақтылығын қолдау жөніндегі тапсырмаларын орындау шеңберінде Үкімет резервінен "Каспий теңізі Қазақ ғылыми-зерттеу институты" АҚ-ға 1,1 миллиард теңге бөлінді.

"Қаржыландыру институттың ғылыми әлеуетін жақсартуға ықпал етеді. Қаражатқа теңізде мониторинг жүргізу үшін негізгі жабдықтарды сатып алу және гидробиологиялық және гидрохимиялық зертханаларды жарақтандыру жоспарлануда, бұл теңіздің қазақстандық секторында болып жатқан процестер туралы өзінің ғылыми-

негізделген базасын қалыптастыруға мүмкіндік береді", – делінген Үкімет хабарламасында.

Бүгінде ФЗИ тиімді шараларды әзірлеу үшін халықаралық ғылыми қоғамдастыққа белсенді интеграцияланып жатыр, Каспий маңы елдерінің университеттері мен ғылыми-зерттеу орталықтарының қауымдастығына кірді.

Осы қаулыны жүзеге асыру үшін Экология және табиғи ресурстар министрлігіне барлық қажетті шараларды қабылдау, Қаржы министрлігіне бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуына қатаң бақылауды қамтамасыз ету тапсырылған.

## БЕС ӨҢІР СУ ТАСҚЫНЫ ҚАУПІ ЖОҒАРЫ АЙМАҚ ҚАТАРЫНА КІРДІ

Су ресурстары және ирригация бірінші вице-министрі Нұрлан Алдамжаров Ақмола, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және ішінара Қарағанды облыстары су тасқыны қаупі бар аймақта орналасқанын айтты.

Вице-министрдің айтуынша, қазір тек алдын ала болжам жасалған. Нақты ақпарат "Қазгидромет" 1 наурызда жариялайтын болжамға қарай ұсынылады.

"1 наурызда нақтыланған болжам жарияланған соң, қандай қауіп барын нақтырақ білеміз", – деді Нұрлан Алдамжаров.

Сондай-ақ ол бассейндік инспекциялар су қоймалары бойынша мәліметтерді күн

сайын Тасқун жүйесіне енгізіп отыратынын айтты.

"Қазір елдегі су қоймаларында шамамен 14,5 млрд текше метр бос. Су тасқыны қарсаңында нақты деректер ұсынылады. Қазір 1 наурыздағы нақтыланған болжамды күтіп отырмыз және соған сәйкес жұмыс істейміз. Барлық гидротехникалық нысандар су тасқынына дайын", – деді ол.

Айта кетейік, Тасқун су тасқынын болжау және модельдеу жүйесі 2025 жылдың ақпан айында пайдалануға беріліп, қазір Қазақстандағы су тасқыны жағдайын бақылау үшін қолданылып жатыр. Министрліктің сайтындағы мәліметке сәйкес, модельдеу 128 озен учаскесін қамтитын 142 гидробекеттен алынған деректер негізінде жүргізіледі.

## АЙЫППҰЛДАҒЫ 50 ПАЙЫЗ ЖЕҢІЛДІК ЖОЙЫЛА МА?

Қазақстанда жол ережесін бұзған жүргізуші айыппұлды жеті күн ішінде төлесе, 50 пайыз жеңілдік беріледі. Алайда бұл норма жақын арада өзгеруі мүмкін. Сенатор Марат Қожаев жүйелі түрде құқықбұзушылық жасайтындарға мұндай «жеңілдік» қалмауы тиіс деп отыр. Оның айтуынша, мәселе бір реттік қателікте емес, жыл бойы қайта-қайта ереже бұзатындарда. — Мен жүйелі түрде, жылына он реттен көп бірдей жол ережесін бұзатындарды осы артықшылықтан айыруды ұсындым. Он реттен кейін 11-ші, 12-ші, 13-ші ретте толық айыппұл төлеуі керек, — деді сенатор.

Бастама депутаттық сауал аясында Үкіметке жолданған. Сенатордың сөзінше, атқарушы билік ұсынысты жалпы қолдаған.

— Үкімет бұнымен келісті. Премьер-министрден жауап алдым, әкімшілік заңнаманы жетілдіру барысында бұл мәселе қаралады, — деп атап өтті Қожаев.

## 1414 НӨМІРІНЕН "SMS" КЕЛДІ МЕ? АЛАЯҚТАР ЖАППАЙ ШАБУЫЛ ЖАСАУДА

Алматы полицейлері 1414 нөмірінен келгендей көрінетін SMS-хабарламаларды пайдалану арқылы жасалатын алаяқтық оқиғаларының көбейгенін айтуда, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі.



қосымша орнату, сілтеме бойынша өту, ақша аудару немесе несие рәсімдеу қажет.

Алматы қалалық ПД Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы Әнес Қалдыбаев атап өткендей, бұл тек психологиялық әдіс ғана.

- 1414 нөмірінен келген SMS несие алуға жол ашпайды. Банктер өздерінің қорғаныс жүйелерін қолданады. Көбіне егде жастағы адамдар SMS келген екен деп алаяқтарға алданады. Содан кейін оларды депозиттен ақша шешуде, оны «сақтандыру шоты» деп аталатын шотқа аударуға, мүлкті сатуға немесе кепілге қоюға көндіреді. Алаяқтар ақшаны курьерлер немесе мессенджерлер арқылы алады, – деді ол.

Сонымен қатар, интернетте тауарларды жалған сату және псевдоинвестиция схемалары кең таралған. Қаскөйлер төмен баға немесе жоғары табыс уәде етіп, алдын ала төлем талап етеді де, содан кейін жоқ болып кетеді. Сондай-ақ, полицейлер туыстарының қатысуымен болған жол-көлік оқиғалары туралы хабарламалармен қоңырау шалып, эмоционалды қысым арқылы ақша бопсалау жағдайларын да атап өтті.

Полиция қоңырау шалушы өзін банк немесе құқық қорғау органдарының қызметкерімен деп таныстырса да, жеке деректерді, банк карталарының деректемелерін және растау кодтарын хабарлауға болмайтынын ескертеді.

Ақпаратты өз бетіңізше тексеру қажет және психологиялық манипуляцияларға бой алдырмау керек.

Еске салайық, бұған дейін Астанада зейнеткерді 6 миллион теңгеге алдаған Ұлттық банк "қызметкері" ұсталды.

Кодты алғаннан кейін жәбірленушілер банк, пошта, салық органдары немесе полиция қызметкері болып танысатын қаскөйлердің психологиялық қысымына ұшырауда.

Олардың айтуынша, азаматтың деректері әлдеқашан ұрланған және «қаражатты қорғау» үшін шұғыл түрде

## АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ: ОТАН – ЖҮРЕК ТӨРІНДЕГІ ҚАСИЕТТІ ҰҒЫМ

Алғыс айту күні – өткенге тағзым етіп, бүгінге шүкіршілік жасап, болашаққа сеніммен қарауға үндейтін мереке. Отан – біздің тірегіміз, мақтанышымыз, ортақ үйіміз. Оған деген алғыс – тек сөз емес, ел игілігі жолындағы нақты іс. Әрқайсымыз туған жеріміздің дамуына үлес қоссақ, бұл – Отанға көрсетілген ең үлкен құрмет болмақ.

Алғыс айту күні – жүректерді жақындатып, адамдар арасындағы сыйластық пен мейірімді арттыратын ерекше мереке. Бұл күн тек бір-бірімізге алғыс білдіру ғана емес, ең алдымен туған жерге, қасиетті Отанға деген ризашылықты сезінетін тағлымды сәт. Себебі Отан – әр адамның жүрек төрінде сақталатын ең қастерлі ұғым. Әсіресе Қазақстан сияқты көпұлтты мемлекет үшін Отан ұғымы ортақ тағдыр мен бірлік идеясына негізделеді.

Отанға алғыс айту – тек сөзбен шектелмейді. Ол – ел дамуына үлес қосу, адал еңбек ету, білім алып, қоғамға пайда тигізу арқылы көрінеді. Әр азамат өз ісіне жауапкершілікпен қарап, туған жерінің өркендеуіне атсалысса, бұл – Отанға жасалған үлкен тағзым. Алғыс айту күні бізге бір сәт тоқтап, жүрекке үніліп, «Мен Отаным үшін не істедім?» деген сұрақ қоюға мүмкіндік береді. Осы ой әрқайсымызды жақсылық жасауға, ел игілігі жолында еңбек етуге жетелейді.

Алғыс айту күні – өткен тарихқа тағзым ету күні. Қиын-қыстау замандарда қазақ жері сан түрлі ұлт өкілдеріне пана болды. Олар да өз кезегінде елдің дамуына үлес қосып, ортақ шаңырағымыздың нығаюына атсалысты. Бүгінде сол татулықтың арқасында Қазақстан бейбітшілік пен келісімнің үлгісіне айналды.

Отан – жүрекке жақын, жанға ыстық қасиетті мекен. Оған деген алғыс сезімі әр азаматтың адал еңбегінен, елге деген жанашырлығынан көрінуі керек. Бірлігі жарасқан, ынтымағы берік ел ғана биік белестерді бағындырады. Сондықтан Отанға деген құрмет пен ризашылық сезімі әрдайым жүрегімізде сақталуы тиіс. Алғыс айту күні – жүректегі шынайы ризашылықты білдіретін ерекше мереке. Біз Отанымызға – Қазақстан еліне тыныштық, бірлік, өсіп-өркендеу тілей отырып, оның әрбір жетістігін мақтан тұтамыз. Туған жерге деген сүйіспеншілік пен алғыс сезімі әрдайым жүрегімізден орын алсын! Алғыс айту күні – ел бірлігін нығайтатын, жүрекке жылу ұялататын мереке.

**З.ТАДЖИБАЕВА,**  
«Ұлы Дала Елі Орталығының»  
қызметкері,  
Түркістан қаласы



**Байков Расиль Ахметзияұлы,**  
Қазақстан халқы  
Ассамблеясы жанындағы  
татар-башқұрт этномәдени  
қоғамдық бірлестігінің  
төрағасы

Алғыс айту күні – ел бірлігінің айқын көрінісі. 1 наурыз – көктемнің бастауы ғана емес, қоғамдағы өзара сыйластық пен бауырмалдықтың мерекесі. Бұл күн – тағдырдың түрлі кезеңінде Қазақстанға қоныс аударған этностардың қазақ халқына деген шынайы алғысының белгісі.

Мерекенің Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған күнімен байланысты болуы – заңды құбылыс. Ассамблея – ел ішіндегі тұрақтылық пен келісімнің алтын арқауы. Біз, татар-башқұрт этномәдени бірлестігінің өкілдері, ата-бабаларымызды құшақ жая қарсы алған қазақ халқына әрдайым ризамыз.

Татар және башқұрт халқының дәстүрінде де қайырымдылық, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету ерекше орын алады. Бұл құндылықтар қазақ халқының салт-дәстүрімен үндесіп жатыр. Сондықтан Алғыс айту күні – ортақ мәдени құндылықтарымызды дәріптейтін маңызды мереке.

Биылғы мереке еліміздегі қоғамдық-саяси жаңғыру кезеңімен тұспа-тұс келіп отыр. Ата заңымыздың жаңаруы – болашаққа бағытталған тарихи кадам. Осындай маңызды кезеңде қоғамдағы өзара сенім мен жауапкершілік сезімін нығайту – бәрімізге ортақ міндет.

Түркістан облысында өтетін қайырымдылық акциялары, жастар кездесулері мен тағлымды шаралар – бірліктің нақты көрінісі. Баршаңызды Алғыс айту күнімен құттықтай отырып, әр шаңыраққа амандық, ынтымақ пен молшылық тілеймін!



**Мохаммад Хасан Хусаин Саи,**  
Қазақстан халқы Ассамблеясы  
жанындағы түрік этномәдени  
қоғамдық бірлестігі  
төрағасының орынбасары

1 наурыз – Алғыс айту күні – жүректерді жақындастыратын ерекше мереке. Бұл күн – бірлік пен татулықтың, өзара құрмет пен сенімнің символы. Түрлі этнос өкілдерін бір шаңырақ астына топтастырған қазақ еліне деген шынайы ризашылық осы күні айқын сезіледі.

Алғыс айту күні 2016 жылдан бері Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған күнмен бірге аталып келеді. Бұл – еліміздегі этносаралық келісім саясатының табысты нәтижесін білдіреді. Ассамблея аясында этномәдени бірлестіктер бір мақсатта – ел бірлігін нығайту жолында қызмет етіп келеді.

Түрік халқының дүниетанымында да Отанға адалдық, үлкенге құрмет, қайырымдылық жасау – қасиетті ұғымдар. Қазақстан біз үшін тек мекен емес, болашаққа сенім сыйлаған ортақ үйіміз. Сондықтан Алғыс айту күні – жүректен шыққан шынайы алғысымызды білдіретін маңызды сәт.

Бүгінде елімізде жүзеге асырылып жатқан реформалар мен жаңғыру бастамалары, соның ішінде Ата заңымыздың жаңаруы – жаңа кезеңнің айғағы. Мұндай уақытта қоғамдағы бірлік пен өзара қолдау бұрынғыдан да маңызды.

Түркістан өңірі – руханияты терең, тарихы бай мекен. Бұл өлкеде түрлі этнос өкілдері татулық пен сыйластықты ту етіп келеді. Біз де осы бірлікті сақтап, ел игілігі үшін еңбек етуге дайынбыз.

Барша қазақстандықтарды Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын! Елімізде әрдайым бейбітшілік пен келісім салтанат құрсын! Мың алғыс саған, Қазақ елі!



**Стребкова Елена  
Николевна,**  
Қазақстан халқы  
Ассамблеясы  
жанындағы славян  
этномәдени бірлестігі  
мүшесі

Біз, славян этномәдени бірлестігінің өкілдері, Қазақстанды өз тағдырымызбен біте қайнасқан Отанымыз деп білеміз. Ұрақтарымыз осы қасиетті жерде білім алып, еңбек етіп, ел дамуына үлес қосып келеді.

Славян халықтарының мәдениетінде де ризашылық пен үлкенге құрмет көрсету – басты құндылықтардың бірі. Сондықтан Алғыс айту күні біз үшін тек мерекелік дата емес, тарихи тағдырға, бейбіт өмірге, тұрақтылыққа тағзым ету сәті. Бүгінде Түркістан облысында түрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Бұл – бірлік пен өзара түсіністіктің айқын нәтижесі.

Ең бастысы, бұл күні еңбек адамдарына ерекше құрмет көрсетіледі. Ұстаздар мен дәрігерлерге, мәдениет пен өндіріс саласының қызметкерлеріне, еріктілерге алғыс білдіру – азаматтық борышымыз. Себебі елдің өркендеуі – олардың адал еңбегінің жемісі.

Барша қазақстандықтарды Алғыс айту күнімен құттықтаймын! Әр үйде береке, әр жүректе ризашылық сезімі салтанат құрсын!

## КӨРІСУ КҮНІ МЕН МАСЛЕНИЦА: КӨКТЕМДІ ҚАРСЫ АЛҒАН ЕКІ ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ ҮНДЕСТІГІ

Әр халықтың көктемді қарсы алуға арналған өзіне тән мерекесі бар. Бұл – табиғаттың жаңаруымен бірге адам жанының да тазаруын, адамдар арасындағы байланыстың беки түсуін білдіретін ерекше кезең. Осындай мәні терең мерекелердің қатарына славян халықтарындағы Масленица мен қазақ халқының Көрісу күнін жатқызуды болады. Екі дәстүр әртүрлі мәдени ортада қалыптасқанымен, олардың түпкі мазмұнында ортақ рухани ұқсастықтар мол.

Қазақ халқының Көрісу күні – көне дәстүрге негізделген, Наурыз мейрамының бастауы саналатын рухани мереке. 14 наурызда атап өтілетін бұл күні ел-жұрт бір-бірімен қол алысып, «Жасың құтты болсын!», «Бір жасыңмен!» деп ақ-жарма тілек айтады. Қыстан аман-есен шыққан ағайынның көрісуі – береке мен бірліктің, адам өмірінің қадірін ұғынудың көрінісі. Көрісу күні тек амандасу ғана емес, туыстық қатынасты жаңғыртып, ел ішіндегі татулықты нығайтатын

маңызды дәстүр.

Ал Масленица – қыс пен көктемнің тоғысар тұсында аталып өтетін ежелгі славян мерекесі. Бұл мейрам қыспен қоштасып, күннің ұзаруын, жердің жылуын қарсы алу ниетінен туған. Масленица кезінде адамдар бір-бірін қонаққа шақырып, ренішті ұмытып, мол дастархан жаяды. Күн бейнесін білдіретін жұқа құймақ пісіру – мерекенің басты белгісі. Сонымен қатар, Масленицаның соңғы күні кешірім сұрап, өткенге өкпе-назды қалдырмау дәстүрі ерекше маңызға ие.

Көрісу мен Масленица күнін салыстырғанда, екі мерекені де жақындастыратын басты ортақ белгі – тазару мен жаңару идеясы. Масленицада адамдар кешірім сұрап, ескі өкпені артқа қалдырса, Көрісу күнінде қазақ халқы өткен жылдағы қиындықтарды ұмытып, жаңа жасқа, жаңа кезеңге үмітпен қадам басады. Екі дәстүрде де қауымдастық, туыстық байланыс, бір-біріне деген құрмет алдыңғы орынға шығады.

Сонымен бірге айырмашылықтары да бар. Масленица – көңілді ойын-сауыққа, думанға, халықтық серуендерге толы мереке болса, Көрісу күні – сабырлы, терең мағыналы, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін салттық сипатқа ие. Қазақы дүниетанымында бұл күн адамның ғұмырына, жасына, амандығына шүкір айтуға негізделген.

Қорыта айтқанда, Көрісу күні мен Масленица – әртүрлі мәдени кеңістікте қалыптасқанымен, адамзатқа ортақ құндылықтарды дәріптейтін мерекелер. Олар адамдарды жақындастырып, татулық пен мейірімге үндейді. Осындай дәстүрлер арқылы халықтың рухани болмысы айқындалып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын асыл қазына ретінде сақталып келеді.

**Л. КӘДІРБЕК,**  
Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығының  
ғылыми қызметкері

(Соңы. Басы 1-бетте).

Уақыт өте келе бұл хобби алғашқы кәсіпкерлік тәжірибемә айналды. Мен десерттер мен пісірілген өнімдерді сататын шағын онлайн-бизнес-ті бастадым, кейін тіпті мектебіммен келісіп, оқу орнында да өз өнімдерімді ұсындым. Осы кезеңде мен үшін өте маңызды бір нәрсе айқын болды: мені гастрономия мен бизнестің үйлесімі ерекше шабыттандырады. Кондитерлік өнерде жан бар, ал бизнесіте жүйе мен даму бар, ал бұл екеуінің үйлесімі мен үшін мінсіз бағыт болып шықты. Осылайша, хобби біртіндеп саналы кәсіби таңдауға айналды. Мен осы жолды таңдадым және бұл шешіміме бір де бір күн өкінген емеспін. Бұл өмірімдегі ең дұрыс әрі маңызды шешімдерімнің бірі.

**El.kz: Мектеп буфетіндегі жоба туралы толығырақ айтып беріңізші. Түскен табысты балалар үйіне аудару шешімі өміріңізге қалай әсер етті?**

**Балнұр Амангелді:** Мектептегі жобаны бастаған кезде мен үшін ең маңызды сұрақ-



лықтың қаншалықты маңызды екенін түсінесің. Michelin асуылері маған мақсатқа жетудің бір маңызды қағидасын көрсетті: күн сайын тұрақты еңбек ету, бірдей деңгейде талап қою және өз ісіне шын сену. Дәл осы ішкі мәдениет пен көзге көрінбейтін еңбек мейрамхананы ерекше деңгейге шығарады. Бұл процесті ішінен көру, мен үшін өте әсерлі әрі шабыттандыратын тәжірибе болды.

**El.kz: Ze Kitchen Galerie асханасында жұмыс істеу барысында қандай жаңа дағдыларды меңгердіңіз?**

**Балнұр Амангелді:** Ze Kitchen Galerie асханасында жұмыс істеу мен үшін дәм мен өнімге деген көзқарасты түбегейлі өзгертті. Бұл жерде меңгерген ең маңызды дағдыларымның бірі - өнімдерді дұрыс үйлестіруді түсіну болды. Мейрамхана ең үздік фермерлермен, көбіне Парижден тыс аймақтардағы шағын өндірушілермен жұмыс істейді. Ас үйге келетін теңіз өнімдері, ет және басқа да ингредиенттердің

қаладағы 12 кондитерлік бутикті десерттермен қамтамасыз етеді. Өндіріс көлемі тұрақты әрі қарқынды: күн сайын шамамен 6-8 түрлі десерт позициясы дайындалады. Бұл десерттер кейін жеке форматтарға, сондай-ақ 4-6 адамға арналған үлестік нұсқаларға бөлінеді. Мерекелік күндері өндіріс форматы өзгеріп отырады. Мысалы, жақында өткен "Әулие Валентин" күніне орай біз екі адамға арналған арнайы десерттер дайындадық. Бұл әрі символикалық, әрі өте нәзік формат болды. Жалпы, күнделікті өндіріс көлемі өзгеріп тұрады, бірақ Парижде тән туристік ағынның көптігіне байланысты десерттер саны айтарлықтай жоғары. Туристік маусым жақындаған сайын өндіріс көлемі кейде екі есеге дейін артады. Бұл күн сайын үлкен физикалық және кәсіби жауапкершілікті талап ететін жұмыс. Қалыпты жұмыс күндері, егер мереке болмаса, біз шамамен 10 сағат ішінде барлық процесті аяқтай аламыз. Ал демалыс күндері немесе мерекелік кезеңдерде жұмыс ауысымы 15-16 сағатқа дейін созылады. Себебі, менің міндетім - өндіріс процесіне қатысу ғана емес, сонымен қатар десерттердің сапасына, соңғы нәтижеге және барлық өнімнің дұрыс әрі уақытында жеткізілуіне толық жауап беру. Сондықтан мен жұмыс соңына дейін қалуға тиіспін, ал кіші қызметкерлер өз ауысымын белгіленген уақытта аяқтай алады. Бұл тәжірибе маған өндірістік тәртіпті, команданен жұмыс істеуді және жоғары көлемде де сапаны сақтаудың маңызын терең түсінуге көмектесті.

**El.kz: Француз техникасын қазақ дәмімен үйлестіруде ең қиын түс қайсы?**

**Балнұр Амангелді:** Француз техникасын қазақ дәмімен үйлестірудегі ең күрделі

## МЕКТЕП БУФЕТІНЕН MICHELIN-ГЕ ДЕЙІН:

тардың бірі - этика болды. Өнімдерімді негізінен оқушылар сатып алатын, сондықтан олардың ақшасынан пайда көру маған дұрыс емес сияқты көрінді. Алынған қаражаттың бір бөлігі келесі күнгі пісіруге, керекті затты алуға жұмсалса да, қалған табысты жеке мақсатта пайдалану менің ішкі ұстанымдарыма қайшы келді. Сол себепті ең басынан-ақ бұл жобаның табысы балалар үйіне бағытталатынын ашық айттым. Бұл шешім мен үшін өте саналы әрі маңызды болды. Ол кезеңде мен алғаш рет шынайы жауапкершілікті сезіндім: түскен әрбір теңгені мұқият есептеп, бәрiнiң нақты мақсатқа жетуін қадағаладым. Бұл қаржылық тәртіп пен адалдықты үйреткен үлкен тәжірибе болды. Балалар үйіне көмек көрсету процесіне де жеке өзім араластым. Қажетті заттардың тізімі алынып, балаларға нақты не керек екенін біліп, сол бойынша барлық заттар сатып алынды. Маған сол кезде ең маңыздысы өз еңбегіммен тапқан қаражаттың дұрыс, пайдалы және адал жолмен жұмсалыуы еді. Бұл тәжірибе менің өмірлік құндылықтарыма қатты әсер етті. Ол маған мақсатқа ұмтылу тек жеке жетістікпен шектелмей, қоғамға пайда әкелуі керек екенін түсіндірді. Әсіресе, болашақта өз бизнесімді жүргіземін деген ойым нығаю түскен сайын, әлеуметтік жауапкершілік әрдайым оның бір бөлігі болатынын анық сезіндім. Қолымнан келсе жастарға, балаларға қолдау көрсету мен үшін әлі күнге дейін маңызды қағидалардың бірі.

**El.kz: Le Cordon Bleu Paris сіздің ойлау жүйеңізді қалай өзгертті? Бұл мектеп сізді ең алдымен неге үйретті? Ондағы оқу процесінде сіз үшін ең күрделі кезең қайсы болды?**

**Балнұр Амангелді:** Le Cordon Bleu Paris менің ойлау жүйемді түбегейлі өзгертті. Әсер еткен қырлары көп, бірақ ең бастысы - нетворкингтің маңызын және оны дұрыс құруды үйретуі деп айтар едім. Францияға алғаш келген кезде мен ана тілімде сөйлеген жоқпын, ал француз тілі мен үшін әлі толық қалыптаспаған еді. Соған қарамастан, дәл осы мектепте мен ең маңызды қолдауды сезіндім: студент ретінде саған сенім білдіреді, қателесуге мүмкіндік береді, соның арқасында сен біртіндеп өссің. Le Cordon Bleu - бұл болашағын гастрономиямен байланыстырғысы келетін адамдар жиналатын орта. Мұнда оқу тек техникалық білім алумен шектелмейді, бұл кәсіби жолды бастауға арналған платформа. Уақыт өте келе мен бір нәрсені анық түсіндім: дәл осы жерде құрылған байланыстар нақты мүмкіндіктерге алып келеді. Бұл түсінік бірден келген жоқ, бірақ тәжірибе арқылы, адамдармен араласу арқылы қалыптасты. Сол сәттен бастап мен кәсіби ортада қарым-қатынас орнатуға саналы түрде мән бере бастадым.

Қазір де мен көбіне осы саладағы адам-

## ПАРИЖДЕ ФРАНЦУЗДАРДЫ МОЙЫНДАТҚАН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ КІМ?

дармен араласамын, бұл мамандығым деген қызығушылығымды одан әрі тереңдетті. Ең күрделі кезең, сөзсіз, оқуымның алғашқы айлары болды. Сабақтың өзге тілде өтуі, ойынды дәл жеткізе алмау, жаңа ортаға бейімделу - мұның бәрі оңай емес. Басқа студенттердің тез тіл табысып кеткенін көріп, өзіндік оқшау сезінетін сәттер де болды. Сонымен қатар, шетелде өмір сүрудің өзі үлкен сынақ. Бұл сырттай қарағанда оңай көрінгенімен, шын мәнінде үлкен ішкі төзімділікті талап етеді. Сонымен бірге, француз гастрономиясы мен үшін сол кезде әлі толық таныс емес еді. Барлығы жаңа болды: тәсілдер, тәртіп, талаптар. Бұл нағыз комфорт аймағынан шығу еді. Бірақ дәл осы қиындықтар мені шындап, кәсіби және тұлғалық тұрғыда өсірді. Қиын кезеңдер кейіннен ең құнды тәжірибеге айналды және бүгінгі мақсаттарыма жету жолында шешуші рөл атқарды.

**El.kz: Michelin жұлдызды мейрамхананың асуы сырт көзге мінсіз көрінеді. Ал ішкі жұмыс процесінде сізді ең қатты таңғалдырған не болды?**

**Балнұр Амангелді:** Michelin жұлдызды мейрамханалардың ас үйімен алғаш рет жақыннан танысуым Парижде болды. Париж - Michelin мейрамханалары ең көп шоғырланған қалалардың бірі, әрі дәл осы жерде олардың қаншалықты әртүрлі екенін түсінесің. Бір ас үйді көріп, барлық Michelin мейрамханалары туралы бір ғана ортақ пікір қалыптастыру мүмкін емес, себебі әрқайсысының философиясы, құрылымы мен жұмыс ырығы мүлде бөлек. Мысалы, қонақ үй ішінде орналасқан Michelin мейрамханаларында жұмыс процесі өте құрылымдалған, жүйелі түрде ұйымдастырылған. Мұндай ас үйлерде артығымен жұмыс істеу сирек кездеседі. Ал дербес Michelin мейрамханаларында жағдай жиі өзгеше: мұнда уақыттан бұрын сапа бірінші орында тұрады. Ұзақ уақыт жұмыс істеу - бұл қалыпты жағдай, себебі нәтиже мен детальға деген талап өте жоғары. Ішкі процесте мені ең қатты таңғалдырған нәрсе - адамдардың өз ісіне деген шынайы берілгендігі. Ас үйде жұмыс істейтін әрбір адам бұл мамандықпен өмір сүріп жатқандай әсер қалдырады. Күн сайын бірдей энергиямен, бірдей ынтымақпен жұмыс істеу - бұл сырт көзге байқала бермейтін, бірақ ас үйдің нағыз жүрегі. Осындай ортада сен тек техника мен тәртіпті ғана емес, ең бастысы табандылық пен кәсіби құштар-



барлығы ең жоғары сапада болатын, және сен әрдайым қолыңдағы өнімнің ең жақсы нұсқа екенін нақты білесің. Осы тәжірибе маған бір маңызды қағиданы үйретті: егер өнім сапалы болса, оны «күрделендірудің» қажеті жоқ. Дәмді тағам көбіне дәл осы қарапайымдықтан, өнімнің табиғи дәмін ашудан туады. Бұл түсінік менің кәсіби ойлауымда берік негіз қалыптастырды. Сонымен қатар, Ze Kitchen Galerie-де дәмдердің үйлесімін жасау процесіне үнемі қатысу мүмкіндігі болды. Жаңа тағамдар ойластырылғанда, дәм комбинациялары қалай құрастырылатынын, тұзды, татты, қышқыл, ашы және умами секілді негізгі дәмдердің бір-бірімен қалай теңестірілетінін күнделікті көріп, үйрендім. Асуыде дәм туралы тұрақты талқылаулар жүретін, бұл менің гастрономиялық көзқарасымды айтарлықтай кеңейтті. Кейінірек кондитерлік бағытта жұмыс істей бастағанда, дәл осы білім мен тәжірибе десерттерді құрастыруда үлкен рөл атқарды. Дәмнің логикасын, өніммен жұмыс істеу философиясын түсіну - бәрі осы ас үйде қаланған база болды. Ze Kitchen Galerie маған қай бағытта дамығым келетінін, гастрономияда қандай стиль мен көзқарасты ұстанатынымды анық түсінуге көмектесті.

**El.kz: Қазіргі жұмысыңыз туралы айтып беріңізші. Қанша сағатта қанша түрлі десерт дайындайсыз?**

**Балнұр Амангелді:** Қазіргі таңда мен Париж қаласында орналасқан кондитерлік цехте жұмыс істеймін. Біздің цех күн сайын

түс - тепе-теңдікті сақтау. Француз гастрономиясы дәлдікке, құрылымға және техникалық тазалыққа негізделсе, қазақ асханасы эмоцияға, естелікке және дәмнің қанықтығына сүйенеді. Осы екі әлемді біріктіргенде, бірін екіншісінің көлеңкесінде қалдырмай, екеуінің де болмысын сақтап қалу өте маңызды. Ең басты қиындық - ұлттық өнімдердің табиғатын жоғалтпай, оларды француз техникасының шеңберіне дұрыс енгізу. Қазақ дәміміз көбіне қанық, айқын және кейде тіпті «батыл» болып келеді, ал француз техникасы нәзік баланс пен дәмдердің дәл есептелуін талап етеді. Сол себепті артық күрделендірмей, керісінше өнімнің өзін дұрыс «ашу» қажет.

**El.kz: Астанада ашқыңыз келетін авторлық кондитерлік кафе қандай аудиторияға бағытталмақ? Бұл жоба арқылы сіз қонаққа не айтқыңыз келеді?**

**Балнұр Амангелді:** Астанада ашқым келетін авторлық кондитерлік кафе ең алдымен саналы, сапаны бағалайтын аудиторияға бағытталмақ. Бұл дәмге ғана емес, тәжірибеге, атмосфераға және өнімнің артындағы идеяға мән беретін адамдар. Жас ерекшелігіне қатты шектеу қоймаймын, бірақ ортақ сипат талғамы қалыптасқан, жаңалыққа ашық, гастрономияны өмір салтының бір бөлігі ретінде қабылдайтын қонақтар. Бұл жоба арқылы мен қонаққа ең алдымен шынайылықты жеткізім келеді. Әрбір десерт тек тәтті өнім емес, ол кәсіби жолдың, еңбектенудің нәтижесі. Мен үшін маңыздысы қонақтың бұл кеңістікте өзін жайлы сезінуі, асықпай отырып дәм татып, процестен ләззат алуы. Кафе - тек келіп кететін орын емес, қайта-қайта оралғын келетін, өзіндік сияқты сезілетін кеңістік болуы керек.

**El.kz: Michelin асханасында жұмыс істегеннен кейін өзіңізге қоятын талап қалай өзгерді?**

**Балнұр Амангелді:** Michelin асханасында жұмыс істегеннен кейін өзіме қоятын талап түбегейлі өзгерді. Ең алдымен, мен үшін «жақсы» деген ұғымның өлшемі басқа деңгейге көтерілді. Бұрын нәтиже маңызды болса, қазір оған апаратын жол - процесс, тәртіп және ұсақ детальдарға дейін мән беру маңыздырақ. Michelin ас үйлері мені тұрақтылыққа үйретті. Бір рет жақсы жасау жеткіліксіз, сол деңгейде күн сайын, қандай жағдай болмасын, бірдей нәтиже көрсету қажет. Бұл өз-өзіңе ең жоғары талап қоюды,

бірақ сонымен қатар тәртіп пен жауапкершілікті сақтауды білдіреді. Осы ортада сен өзіңе «бүгін шаршадым» деп сылтау айта алмайсың, себебі қонақ әрқашан ең жақсысын күтеді. Сонымен қатар, өзіме деген талап эмоция емес, жүйе арқылы қалыптасты. Әр қадамды алдын ала ойлау, қателікті дер кезінде көру және оны қайталамау, бұл кәсіби жетілу процесінің ажырамас бөлігі. Michelin асханасы маған өзін-өзі бақылау, сабырлы болу және ұзақ мерзімді ойлау қабілетін сыйлады. Бүгінгі таңда мен өзімнен шабыт қана емес, тұрақты еңбек пен нәтижеге адалдықты талап етемін. Бұл оңай емес, бірақ дәл осы талаптар мені кәсіби әрі тұлғалық тұрғыда жаңа деңгейге шығарды.

**El.kz: Қазақстанды қандай десерт арқылы таныстыруға болады?**

**Балнұр Амангелді:** Егер Қазақстанды бір ғана десерт арқылы таныстыру керек болса, мен үшін бұл жент. Бұл таңдау мен үшін теориялық емес, өте жеке

ны да ешқашан жоққа шығармайды - дәстүр мен жаңашылдық қатар өмір сүреді. Сондықтан Францияда десерт әрдайым сұраныста болады. Ол мұнда сән немесе уақытша тренд емес, өмір салтының бір бөлігі. Француз гастрономиясының күші де дәл осы тұрақты құндылықтар мен тағамға деген терең құрметтен бастау алады.

**El.kz: Қазіргі еуропалық десерттерде қанттың рөлі қалай өзгеріп жатыр? Десертті тек қанттан тұрады деп ойлау - қателік пе?**

**Балнұр Амангелді:** Парижде классикалық француз кондитерлігі мықты дамығанымен, қалада корей, жапон және басқа да азиялық кондитерлік butikтердің кеңінен танымал екенін байқауға болады. Бұл Париждің гастрономиялық ерекшелігінің бір көрінісі. Мұнда әртүрлі мәдениеттер тоғысып, жаңа дәм үйлесімдері мен жаңа сұраныстарды қалыптастырады. Әсіресе, халықаралық аудитория үшін қант мөлшері төмен, жеңіл десерт-

Маңыздысы - оны қалай көрсету. Халықаралық деңгейде қазақ өнімдері заманауи техникамен, дұрыс баланс пен эстетика арқылы ұсынылуы тиіс. Дәм тым ауыр немесе түсініксіз болмауы керек, керісінше, өнімнің табиғи сипатын сақтай отырып, оны жеңіл әрі талғампаз форматқа келтіру қажет.

**El.kz: Алдағы 5-10 жылда кондитерлік сала қалай өзгереді?**

**Балнұр Амангелді:** Алдағы 5-10 жылда кондитерлік сала айтарлықтай өзгереді деп ойлаймын. Ең алдымен, тұтынушының санасы өзгереді: адамдар десертті тек «тәтті» ретінде емес, сапаға, құрамға және оның артындағы философияға қарай таңдайтын болады. Бұл саланың дамуына тікелей әсер ететін ең маңызды фактор. Қантты аз қолдану, табиғи тәттілікке басымдық беру және маусымдылық негізгі трендтердің бірі болады. Десерттер жеңілрек, теңгерімді әрі өнімнің өзін ашуға бағытталады. Сонымен қатар, ингредиенттердің қайдан шыққаны, қалай өндірілгені, экологиялық тазалығы барған сайын маңызды бола түседі. Тағы бір өзгеріс - ұлттық өнімдер мен жергілікті дәмдерге деген қызығушылықтың артуы. Кондитерлік сахнада әр ел өз ерекшелігін көрсетуге ұмтылады, ал бұл гастрономиядағы мәдени диалогты күшейтеді. Классикалық техникалар сақталады, бірақ олар жаңа дәмдермен және заманауи көзқараспен қайта ойластырылатын болады. Сондай-ақ, кондитер тек орындаушы емес, толыққанды автор ретінде қабылданады. Жеке стиль, философия және әңгіме айту қабілеті үлкен рөл атқарады. Десерт - өнім ғана емес, идея мен эмоция жеткізетін құралға айналады. Менің ойымша, алдағы жылдары кондитерлік салада дәлдік пен сезімнің, дәстүр мен жаңашылдықтың тепе-теңдігін таба алғандар алға шығады. Бұл техникалық деңгейден бөлек, ойлау жүйесі мен құндылықтарды талап ететін сала болады.

**El.kz: Сіз үшін әлемдегі ең ТОП-5 десерт қандай? Өзіңіз жасайтын десерттер туралы да айтып беріңізші.**

**Балнұр Амангелді:** Мен үшін әлемдегі ТОП-5 десерт - бұл трендке емес, уақытқа төтеп берген, техникасы мықты және дәмі теңгерілген десерттер. Олар әртүрлі мәдениеттерден шыққанымен, барлығын біріктіретін ортақ қасиет бар - ой мен сезім.

**1. Тарт (tarte).** Бұл мен үшін ең мінсіз форматтардың бірі. Жақсы тартта бәрі маңызды: негізінің текстурасы, кремнің балансы, қышқыл мен тәттінің үйлесімі. Ол бір қарағанда қарапайым көрінгенімен, техника мен дәлдікті қатты талап етеді.

**2. Париж-Брест (Paris-Brest).** Француз классикасы. Бұл десертті мен текстуралар ойыны үшін жақсы көремін: қытырлақ шу, нәзік крем және жанғақтың терең дәмі. Дұрыс орындалса, ол ешқашан ескірмейді.

**3. Чизкейк.** Әлемнің әр түкпірінде бар десерт, бірақ оның әр нұсқасы әртүрлі. Маған классикалық, тым ауыр емес, таза дәмі бар чизкейктер ұнайды. Бұл десерт баланстың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

**4. Муссты десерттер.** Мусс қазіргі заманғы кондитерліктің тілі. Ол арқылы дәмді жеңіл, нәзік әрі көпқабатты етіп жеткізуге болады. Әсіресе жеміске негізделген мустарды ерекше бағалаймын.

**5. Жент.** Бұл мен үшін тек десерт емес, мәдени естелік. Жент - қазақ асханасының жүрегі, әрі оны заманауи форматта көрсетуге болады. Ол менің гастрономиялық көзқарасымды, тамырымды және кәсіби бағытымды біріктіретін десерт.

6. Ал өзім жасайтын десерттерге келсек, мен үшін бастысы десерттің идеясы мен дәмі. Мен көбіне тарттармен, маусымдық жемістерге негізделген мусты десерттермен, қант мөлшері аз, бірақ дәмі терең композициялармен жұмыс істеймін.

**El.kz: Балнұр, оқырманға шабыт беретін эсерлі сұхбатыңыз үшін көп рахмет! Еңбегіңіз жемісті болсын!**



тәжірибеге негізделген. Мен шетелде жүрген кезімде де, десерттерімді сыйға тартқанда немесе таныстырғанда, жентті әрдайым қоса беретінмін. Себебі бұл Қазақстанды ең табиғи әрі шынайы түрде көрсету тәсілі деп ойлаймын. Жент қарапайым десерт сияқты көрінгенімен, оның артында үлкен мағына жатыр. Тары, май, бал немесе қант секілді ингредиенттер арқылы ол қазақ даласының философиясын, қонақжайлылығын және энергияға толы өмір салтын бейнелейді. Бұл бала кезден таныс дәм, естелікке толы, жылы сезім қалдыратын десерт. Мен үшін женттің құндылығы - оның шынайылығында. Оны күрделендіріп, өзгертудің қажеті жоқ. Керісінше, дәл осы тазалығы мен қанық дәмі арқылы ол кез келген адамға Қазақстан туралы көп нәрсе айта алады. Шетелдік қонақ үшін жент ерекше әрі жаңа, ал қазақ үшін жүрекке жақын, таныс дәм.

**El.kz: Еуропалықтардың десертке деген ерекше көзқарасы туралы айтып беріңізші.**

**Балнұр Амангелді:** Француз асханасы, гастрономиясы мен десерттері - Францияда жай ғана тамақ емес, мәдениеттің ажырамас бөлігі, тіпті дәстүр деуге болады. Сондықтан француздардың тағамға деген көзқарасы мүлде бөлек. Олар ас үйді өнер ретінде қабылдайды, дәл осы себептен гастрономия мұнда жоғары деңгейде дамыған әрі ерекше бағаланады. Француз асханасы мен француз техникалары классика саналады, себебі олардың артында үлкен тарих пен ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан құндылықтар жатыр. Француздар өз мәдениетін, өмір салтын және эстетикасын гастрономия арқылы жеткізеді. Сол себепті тағам, соның ішінде десерт, олар үшін тек дәм емес, мәдени тіл іспетті. Француздар десертті шын мәнінде жақсы көреді. Олар күрделі, кейде батыл дәм үйлесімдерінен қорықпайды, жаңа комбинацияларға әрдайым ашық. Сонымен қатар, классика-

терге деген қызығушылық жоғары. Осы себепті Парижде тым приторлы емес тәттілерді оңай табуға болады. Сонымен қатар, көптеген француз кондитерлері кәсіби жолын Франциядан тыс елдерде бастап немесе жалғастырған. Бұл олардың көзқарасына әсер етіп, десерттерінде қантты азайтуға, дәмді басқа қырынан ашуға ұмтылуына алып келеді. Әрине, француз кондитерлігінің классикасы ешқашан жоғалмайды онда қант мөлшері көбірек қолданылатын дәстүрлі десерттер бар. Бірақ сонымен қатар заманауи француз гастрономиясы да белсенді дамып келеді. Бұл бағытта кондитерлер қантты азайтып, табиғи тәттілікке, өнімнің өз дәміне басымдық береді. Мұнда бәрі шефтің жеке философиясына байланысты. Мысалы, мен қазіргі таңда Yann Souvreur шефтің командасында жұмыс істеймін. Оның философиясында қантты мүмкіндігінше аз қолдану, жемістің табиғи тәттілігін алдыңғы орынға қою және маусымдылықпен жұмыс істеу негізгі қағидалардың бірі. Мұнда басты мақсат десерттің тәтті болуы емес, оның дәмді болуы. Бұл көзқарас қазіргі француз кондитерлігінің қай бағытта дамып жатқанын айқын көрсетеді.

**El.kz: Қазақ өнімдері халықаралық кондитерлік сахнада бәсекеге түсе ала ма?**

**Балнұр Амангелді:** Иә, қазақ өнімдері халықаралық кондитерлік сахнада бәсекеге түсе алады, бірақ белгілі бір шарттармен. Қазақ өнімдерінің басты артықшылығы - олардың табиғилығы мен айқын мінезі. Құрт, ірімшік, тары, бал, қымыз секілді өнімдер бірегей дәм профиліне ие және дәл осы ерекшелік оларды халықаралық гастрономияда қызықты етеді. Қазіргі әлемдік кондитерлік сахнада «ерекше», «табиғи» және «тамыры бар» өнімдерге сұраныс жоғары, ал қазақ өнімдері осы критерийлерге толық сай келеді. Алайда бәсекеге қабілетті болу үшін өнімнің өзін ғана ұсыну жеткіліксіз.



## ҚАЗАҚТАР ОРАЗАНЫ ҚАЛАЙ ҰСТАҒАН?

XIX ғасырдың екінші жартысындағы саяхатшылардың жазбаларында Рамазан айындағы қазақ өмірі туралы әртүрлі бақылауларды кездестіруге болады.

Лев Мейердің 1865 жылы құрастырған "Ресей географиясы мен статистикасына арналған материалдарында" қазақтардың намазға бейім, бірақ оразаға келгенде онша қатал емес екені айтылады:

"Қырғыздар (қазақтар) үшін таңғы және кешкі намаздар ең маңызды саналады. Бірақ ораза, әсіресе қарапайым халық, аса қатал ұстана бермейді".

### "КҮН БАТҚАНША ЕШТЕҢЕ ІШІП-ЖЕМЕЙТІН"

Ал әскери шенеунік Николай Фридерикстің 1869 жылғы «Түркістан және оның реформалары. Куәгердің жазбаларынан» атты еңбегінде мүлдем басқа сурет бейнеленеді.

Мұнда қазақтардың ораза қағидаларын өте қатал ұстанатыны жазылған:

"Бір ай бойы барлық дерлік қырғыздар (қазақтар) күн батқанша ешқандай тамақ ішпей, тіпті бір жұтым су жұтпай жүретін. Құранда жолаушыға ораза тұтпауға рұқсат берілгенімен, бізбен бірге жүрген қырғыздар күннің суықтығына қарамастан, күн батқанша үнемі ораза ұстады".

### АУЫЗАШАР – ҚАРАПАЙЫМ ДӘСТҮР МЕ?

Әр түрлі тарихи кезеңдерде ауызашар отбасылық, туыстық және ғұрыптық дастарқан ретінде қабылданған.

Этнограф Тәттігүл Картаеваның айтуынша, тіпті ең бай, ең лауазымды қазақтардың өзінде ауызашар қарапайым отбасылық дәстүр болып қала берген.

"Ауызашарға 100–200 адамды шақырып, оны жаппай тойға айналдыру салты қазіргі уақытта ғана қалыптасты", – дейді маман.

### ҚҰРМА ОРНЫНА ҚҰРТ

Бүгінде оразаны құрмамен ашу қалыпты жағдай болса, бұрын қазақтар ауызашарды құрт және ірімшікпен бастаған.

Құрт ағзадағы су-тұз тепе-теңдігін қалпына келтіруге көмектесе, сәресіде суға жібітілген немесе сары маймен араластырылған талқан жеген. Бұл тамақ адамды күні бойы тоқ ұстауға мүмкіндік берген.

### ЖАРАМАЗАН – ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДӘСТҮР

Қасиетті айдың басында қазақтар жарамазан айтқан. Бұл фольклорлық дәстүр дін мен ұрпақ жалғастығына деген ізгі тілектерді ұштастырған. Жарамазан айтушылар жас келін түскен үйдің табалдырығына келіп, балалы болуын тілеген:

Айтамыз жарамазан есігіңе,  
Қошқардай қос ұл берсе бесігіңе,  
Қошқардай қос ұл берсе бесігіңе,  
Туады олар батыр несібіңе.  
Мұндай кезде үйдің келіні сый-сияпат шығарып, қонақтарды дастарқанға шақырған, ал үй иесі жақсы тілектері үшін алғыс айтқан.

*Qalam History парақшасынан*

## 25 АҚПАН - АЛАШ БАЛАСЫ ҮШІН ҰМЫТЫЛМАС КҮН

Өйткені, 1938 жылы 25 ақпанға қараған түні НКВД Сталиндік саяси қуғын-сүргіннің қыл бұрауына түскен 39 алаш арысы атылды. Қазақ тарихындағы бұл қаралы күн ұлттық элитаны жою мақсатында жүзеге асырылды.



Сәл тарихқа шегініс жасайтын болсақ, Қызыл империя тарапынан 1937-38 жылдары жүргізілген саяси қуғын-сүргін репрессияда елімізде 120 мың адам ұсталып, темір торға тоғытылды. Оның ішінде 25 мыңы атылды. Сөйтіп қазақтың бетке ұстар қаймақтары – оқығандары, ел тізгінін ұстағандар түгел жойылды деуге болады.

Олар қамаудағы 39 адамды бір демде атты. Олардың 14-і - советтік Қазақстан үкіметінің мүшелері еді.

Жалпы 1938 жылдың 25 ақпанынан 14 наурызға дейін аралықта НКВД алаш ұлдарын топ-тобымен атты, қырды. Деректерге үйілетін болсақ, 25 ақпанда – 39 адам, 26 ақпан – 37, 27 ақпан – 41, 28 – ақпан – 40 адам жазықсыз шейіт болды. Бұлардың ішінде ісі алаштың бір туар ұлдары Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Темірбек Жүргенов, Санжар Асфендияров, Құдайберген Жұбанов т.б. бар. Сондай-ақ, сталиндік репрессияға ұшырап атылған қазақ қызы Шахзада Шонанова да осы атылғандардың ішіне кіреді.

Жоғарғы Соттың әскери алқасының дивизия заңгері Горячевтің басқаруымен өткізген көшпелі сессиясының үкімі бойынша 1938 жылы (Қазақстанда) 25 ақпан мен 15 наурыз аралығында «халық жауы» деп атылған адамдарды (арыстарды) төмендегіше тізіп кетуге болады. 25 ақпан күні 39 адам атылған, олардың ішінде:

1937 жылдың тамызынан 1938 жылдың 25 ақпанына дейін НКВД түрмесінде отырған қазақтың алғашқы жоғары білімді әскери дәрігерлерінің және Қазақстандағы тарих ғылымының негізін қалаушылардың бірі Санжар Асфендияров та бұл қатарда атылды.

Нақақ жаламен 1937 жылдың 24 қыркүйегі күні қамауға алынған Сәкен Сейфуллинге «ұлтшыл буржуазия» деген айып тағылып, 1938 жылы 25 ақпанда Алматы НКВД-сының қабырғасында атылды. Кейін Сталин қайтыс болғаннан кейін 1957 жылы ақталған.

Құдайберген Жұбанов атышулы 58-баптың 2, 8, 9, және 11-тармақтары бойынша айыпталған. Ең алдымен бірінші бап (58-2) бойынша «жапон жансыз» ретінде кінә таққан. Ондағысы ғалымның жапон тіліне қызығушылығынан бөлек, 10-нан астам тілді білетіндігі себеп. Алайда 58-8 бап (террорлық) айыпталып, өлім жазасына кесілген үкім шығарылып, 1938 жылдың 25 ақпанында атылған. 1957 жылы 3 қазанда ССРО Жоғарғы Соты Әскери алқасының шешімімен ақталды.

25 ақпанда атылған 39 адам қатарында жоғарыда аталғандардан бөлек, азаттық күрескерлері, совет өкіметінің мемлекет, ғылым, мәдениет, әдебиет қайраткерлері Ғабдоллақим Бөкейханов, Шәкір Дивеев, Сүлеймен Ескараев, Тел Жаманмұрынов, Темірбек Жүргенов, Ұзақбай Құлымбетов, Ізмұхан Құрамысов, Сейітқали Меңдешев, Ілияс Молдажанов, Хасен Нұрмұхамедов, Қабылбек Сарымолдаев, Жанайдар Садуақасов, Жағышар Сұлтанбеков, Нығметолла Сырғабеков, Қайсар Тәштітов, Ғаббас Тоғжанов, Мирасбек Төлепов, Зейнолла Төрегожин шейіт болды.

Ұлтымыздың «Құлагер ақыны» атанған Ілияс Жансүгіров, Ілияс Қабылов, Әзімбай Лекеров, Бейімбет Майлин, Жұмат Шанин бар.

Ақпанның 27-сінде денесін оқ тескендердің арасында Зарап Темірбеков, Мұхамедияр Тұңғачин, Телжан Шонанов секілді белгілі азаматтар болған. Жұмабаев Молдағали 28 ақпанда, Жандосов Оразалы, Жаманқұлов Рақымжан, Тәтімов Мұхаметқали 2 наурыз, Масанчи Мағаз, Розыбакиев Абдолла, Жандосов Ораз 3 наурыз күні, Досов Әбілқайыр сегізінде, Бексов Орынбек он бірінде атылған.

Соңғы 13 наурыз күні 56 адамның өмірі

қиылды. Мағжан Жұмабаев олардың бәрінен бұрын 11 ақпанда жеке мерт болған.

27 ақпанда 41 адам, 28 ақпанда 40 адам, 2 наурызда 40 адам, 3 наурызда 38 адам, 5 наурызда 40 адам, 7 наурызда 43 адам, 8 наурызда 41 адам, 9 наурызда 37 адам, 10 наурызда 52 адам, 11 наурыз күні 41 адам атылып, жарық дүниеден қош айтысқан.

Бұлардың арасында өзге ұлттардың да көрнекті ұлдары болғанын еске сала кеткен орынды. Жазалау шаралары шырқау шегіне жеткен 1937-1938 жылдары 116885 коммунист жазаға тартылды. Қазақстан коммунистерінің жартысы партиядан шығарылды. Солардың ішінде 9 мың адам, яғни барлық коммунистердің 17 пайызы «халық жауы» деген атаққа иікті (КРПМ, 141-қор, 29-тізбе, 72-іс, 122-бет.). Байқауымызша, жендеттер алғашқы күндерде ұлттың сүт бетіндегі қаймағын сыпырғандай, абырой, беделі биік, ең бір асылдарды оққа байлап, «жол ашып алған» сияқты. Одан кейінгілерін шыбын құрлы көрмей қыра берген. Кейбір зерттеушілердің дерегіне қарағанда, 25 ақпан мен 11 наурыз аралығында 631 адам атылыпты.

Анықталған деректерге қарағанда, екі жарым мың боздақ Алматыдан 35 шақырым бұрынғы Диканбай қыстауы, Жаңалық деген жерде жерленген. «Жерледі» дегеніміз де жай сыпайы сөз ғой. НКВД үйінің астында атқаннан кейін олардың мәйіттерін «қара құзғындарға» тиіп шұңқырларға әкеліп тастап, әйтеуір беттерін қалқалайтын. Саяси қуғын-сүргін құрбандарының жұртшылық өкілдері іздеп тапқан екінші ортақ кабірі Іле ауданындағы Қарасу ауылының жанындағы Қандысай деген жерде жатыр. Мұнда әзірге Алматы қаласындағы бірінші тізім бойынша атылған 19 адамның мүрдесі табылды. Бұл арада әлі де 300-ден астам адамның сүйегі бар деп болжам айтылады. Бірақ төбешіктер тегістеліп, қорымның үстіне саяжайлар салынғандықтан оны дәл анықтау қиын.

1937-1938 жылдары «халық жаулары» деген жаланың құрбаны болған аяулы ер азаматтардың арасында Шахзада Шонанова ату жазасына кесілген жалғыз әйел еді. Шахзада Батыс Қазақстан облысының Жымпиты ауданында 1903 жылы дүниеге келді. Шахзаданың әкесі Арон Қаратаев белгілі ел азаматы Бақытжан Қаратаевтың інісі болатын. Ол тағдырдың жазуымен екі рет тұрмысқа шыққан екен. 1931 жылы Шахзада энциклопедист-ғалым Телжан Шонановпен бас қосады. Жазықсыз жалалы болған Шахзада Шонанова 1938 жылдың 9 наурызында ері Телжаннан кейін (Телжан 25 ақпанда) Алматы түрмесінде атылды.

Бұл кезде республиканы Левон Мирзоян деген адам басқарып тұрған. Мирзоянның қанқилы әрекеті соншалық – сол кезде «халық жауын» әшкерелеп атуға Орталық үкіметтегі Сталиннен қосымша 1600 лимит сұраған. Ол кезде НКВД-ға әр республикаға мынанша адам атып, жазалау, халық жауларын әшкерелеу керек деген лимит жіберген болатын. Бұл қызыл террордың ең шарықтау шегі еді. Екі аптаға жуық уақыт ішінде бүкіл жоғары санаттағы мемлекеттік қызметкерлер, халыққа белгілі жазушылар мен өнер қайраткерлер атылып кетті.

Отыз жеті мен отыз сегіздің ызғары 1930 жылдан бастап 50-жылдың ортасына дейін, әсіресе, қыркыншы жылдың ойраны, зұлмат заман жазықсыз талай жандарды жылатты, талайлардың өмірін қиғаны белгілі. Жас та, кәрі де сол кездері зәре-құты кетіп, қыл үстінде жүргені мәлім. Ұлы Отан соғысы кезінде «Түркістан легионында» болған қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік, қарақалпақ т.б. тұтқындардың кейбіреулері аман-есен еліне қайта оралған соң, саяси қуғын-сүргінге ұшырап, тағы да «халық жауына» айналғандар аз болған жоқ.

Есбол АСЫЛБЕКОВ

Ол қазақтың әйгілі күйші композиторы. Туып өскен жері Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданына қарасты Бекетай құмы деген жер. Топырақ Алматы қаласынан бұйырған. Қазақстанның халық әртісі. Халық өнерпаздарының 1937 жылы өткен республикалық байқауына қатысып 75 жасында халық аспаптарын тартатын өнерпаздардың Москвада өткен Бүкілодақтық бірінші байқауында, одан кейін 1944 жылы 83 жасында Орта Азияның бес республикасынан өнерпаздар қатысқан Ташкенттегі он күндікте жүлделі орынға ие болған. Кімді таныдыңыз?

## 83 ЖАСЫНДА САХНА ТӨРИНЕН ТАБЫЛҒАН САҢЛАҚ

Ешкім есіңізге түспесе, таныстыра кетейік. Дина Нұрпейісова. Аңыз адам.

### ҚҰРМАНҒАЗЫ ІЗДЕП КЕЛГЕН...

Дәулескер күйшінің әкесі белгілі домбырашы адам екен, қызы Динаға 8 жасынан бастап-ақ сол өнердің қыр-сырын үйрете бастаған. Оның ұлы күйші Құрманғазымен алғаш кездесуі де осы кез. 8-9 жасар Дина ұстазының күйлерін үйреніп қана қоймай, оның күйшілік-орындаушылық өнердегі ерекшеліктерін, дәстүрін жалғастырады. 1916 жылғы оқиғаға шығарған «1916 жыл» күйінде Құрманғазының Исатай мен Махамбетке арнаған «Кішкентай» күйінің әсері байқалады. Дина жас кезінен-ақ Дәулеткерей, Мүсірәлі, Әлікей, Түркеш, Ұзақ, Есжан, Байжұма, Баламайсаң сияқты күйшілердің күйін нәшіне келтіре тартып, төңірегі «домбырашы қыз» деп атаған. Қаршадай қыздың даңқын естіп, әйгілі Құрманғазы арнайы іздеп келген. Ол Динаның домбыра тартысына сүйсініп, болашағынан үлкен үміт күтіп, батасын берген. Осыдан кейін Динадан көз жазбай, үнемі айналып соғып, додалы күй айтыстарына ертіп барып, домбыра тартудың



терең сырларын үйретеді. Дина тоғыз жасынан бастап он тоғыз жасына дейін, ұзатылғанша Құрманғазының тәрбиесінде болады. Құрманғазыдай дәулескер күйшінің ұстаз болуы Динаның ғана бақыты болып қойған жоқ, ісі қазақтың күй өнерінің бақыты болды.

### НҰРПЕЙІС ТЕГІН АЛУ ТАРИХЫ

Ол 1880 жылы Беріш ішіндегі Бесқасқа руынан шыққан Тұрмаңлы Қанас деген жігітке тұрмысқа шығады. Қанас пен Динадан Нұрпейіс атты бір ұл дүниеге келген. Өкінішке орай, алғашқы перзенті дүниеге келген соң Қанас көп кешікпей қайтыс болады. 1885 жылы жастай жесір қалған Дина апамызды қайын інісіне қосады. Күйеуінің атын атамтайтын дәстүр бойынша Дина күйеуі Шәпекті «Жәпек» деп атайтын болған. Кейбір деректерде «Жәпек» деп жазылуы содан. Динаның алғашқы күйеуінен көрген перзенті Нұрпейіс 14 жасында қайтыс болады. Кейін ел ішінде санақ па, сайлау ма, әйтеуір бір тізім алу кезінде Дина фамилиясының орнына қайтыс болған тұңғышы Нұрпейістің есімін атаған. Міне, Динаның Нұрпейіс келіні атануының сыры осында. Жәпек пен Дина ба-

қытты ғұмыр кешіп, берекелі жанұя құрған.

Динаның әсем сазды аяулы күйлері осынау жар қызығын көріп, бала бақытына мейірленген жылдарда туған. Ұзатыларда әкесінің енші деп мінгізген қарақасқа атына арнап шығарған «Қарақасқа» ат күйі, өзі пір тұтатын күйшілері Дәулеткерей мен Түркешке еліктеп шығарған «Бұлбұл», «Жігер», «Байжұма» сияқты күйлері, ақылды да айбарлы, сұлу да сырбаз абысынан арналған «Кербез» күйі, үлкен ұлы Жұрымбай 1916 жылғы «Июнь жарлығы» бойынша әскерге шақырылғанда тартқан «Он алтыншы жыл» («Набор») күйі, қадірлес замандастарына сүйсінуден туған «Қосалқа» күйі, балдай тәтті, бауыр етіндей жақын баласы Қоңырға арнаған «Әсем қоңыр» күйі, міне, бұлар Динаның өзіндік қолтаңбасын айқын танытатын біртуар күйлер.

Бұл күйлері арқылы Дина қазақ күйлерінің өрісін ұзартып, өресін биіктетуген бірге, өзі де ұлы күйшілермен терезесін теңестірді. Дина Кеңес заманында да өзінің арман аңсарын, үміт тілегін халқының жолына бағыштап өтті. Жасының ұлғайғанына қарамастан Қазақстанның 20 жылдығына орай «Той-бастар», Отан соғысы жылдарында «Ана бұйрығы», «Жеңіс» сияқты күйлер шығарды. Рас, қоғамның репрессиялық қаталдығы тудырған жағымсыз саясат пен желбуаз идеология Динаның бұла дарынын қақпайлап бақты. Оны төлтума арқасынан (шабыттынан) айырып, әсіре ұраншылықтың қолжаулығы етпек болды. Ол шығарған күйлерге «Еңбек ері» «Сауыншы», «Сталин», «Делегат», «Көкөніс» деп ат қойып, алаулатып жалаулатып, ресми салтанаттардың ұран күйіне айналдырды.

### КҮЙШІ ҚАЛАЙ АЛМАТЫЛЫҚ АТАНДЫ?

1937 жылы Ахмет Жұбановтың тапсырмасымен Смағұл Көшекбаев Астрахан өлкесіне келіп, 76 жастағы Динаны Алматыға көшіп баруға көндірген. Содан бастап күйші халықтың, өнер зерттеушілерінің көз алдында болды. Ахмет Жұбанов «күй анасының» өмір жолы мен шығармашылығы туралы бірнеше еңбек жазды. 1944 жылы күйшіге Қазақстанның халық әртісі атағы берілді. Дина Кеңекекызы 1955 жылдың 31 қаңтарында 94 жасында Алматы қаласында қайтыс болды. Немересі Балжан Нұрпейісова әжесінің соңғы күндері туралы былай дейді: «Ол кісі өле-өлгенше сезінен жанылысқан емес. Киелі кара домбыраны бала кезінен серік етіп, құдіретті өнеге тұтқаны соншалық, көз жұмарының алдында бес-он минут бұрын өзінің төсегінің тұсында ілулі тұрған домбырасын алдырып, мәпелей сипап, аялай қағып, Құрманғазының «Қайран шешем» күйін шертті. Әлсіз сәукетары икемге келмей жатса да, күйді көкірегіңде жаңғыртып жатып дүниеден озды».

М. ТУРСЫНБАЕВА,  
«Ұлы Дала Елі Орталығының»  
ғылыми қызметкері,  
Түркістан қаласы

## РУХАНИ КЕҢІСТІК ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТА ІЗДЕП ЖҮРСІЗ БЕ?

Әл-Фараби атындағы Шымкент қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасындағы өнер бойынша әдебиет бөлімі – оқырманды эстетикалық тәрбиеге баулитын, шығармашылық қабілетін дамытатын маңызды мәдени орта. Бұл бөлімде бейнелеу өнері, сәулет, дизайн, музыка, театр және кино өнеріне арналған кітаптар, альбомдар мен энциклопедиялар жинақталған. Өнер бойынша әдебиет бөлімі оқырманның дүниетанымын кеңейтіп, өнерге деген қызығушылығын арттырады.

Өнер бойынша әдебиет бөлімінің қорында әлемдік және ұлттық өнер шеберлерінің еңбектері кеңінен қамтылған. Қазақтың дәстүрлі колөнері, ұлттық ою-өрнек, кескіндеме және заманауи өнерге арналған басылымдар оқырмандарға мәдени мұраны терең тануға мүмкіндік береді. Иллюстрациялық альбомдар мен көркем басылымдар өнер туындыларын жан-жақты қабылдауға жағдай жасайды.

### МҰНДА СІЗДІ НЕ КҮТЕДІ?

- ✓ Театр әлеміндегі жаңалықтар – классика мен заманауи қойылымдар туралы шолулар.
- ✓ Кино өнері – әлемдік және отандық туындылар туралы. Атап айтқанда, қазақ киносының жауһары саналатын Қыз Жібек фильмі секілді классикалық шығармалардан бастап, бүгінгі жаңа бағыттағы картиналарға дейін қамтылады.
- ✓ Бейнелеу өнері – қылқалам шеберлерінің өмірі мен шығармашылығы. Мәселен, қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың бірі Әбілхан Қастеев еңбектері мен оның өнердегі орны жайлы мазмұнды материалдар.
- ✓ Музыка әлемі – дәстүрлі әуен мен заманауи бағыттардың тоғысы. Күй атасы атанған Құрманғазы Сағырбайұлы мұрасынан бастап, бүгінгі жас өнерпаздардың шығармашылығына дейін кеңінен сөз қозғалады.

### НЕЛІКТЕН ДӘЛ БІЗДІҢ ӨНЕР БОЙЫНША ӘДЕБИЕТ БӨЛІМІ?

Өнер бойынша әдебиет бөлімінде жұмыс істейтін «Бәрін білгім келеді» сурет салу үйірмесі балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған. Үйірме сабақтары бары-

сында қатысушылар сурет салу техникасын меңгеріп қана қоймай, өз қиялын еркін жеткізуге, өнерге сүйіспеншілікпен қарауға үйренеді.

Сонымен қатар өнер бөлімінде бірқатар мазмұнды жобалар жүзеге асырылуда. «Өнер - өміршен, мәдениет - мәңгі» жобасы арқылы өнердің қоғам өміріндегі маңызы насихатталып, рухани құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуына көңіл бөлінеді.

«Өлкенің өнер майталмандары» жобасы жергілікті суретшілер, колөнер шеберлері мен мәдениет қайраткерлерінің шығармашылығын таныстыруға бағытталған.

Ал «Кітаптан киноға» жобасы әдеби шығармалар мен олардың экрандалған нұсқаларын салыстыра отырып, оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттыруды көздейді.

Аталған жобалар аясында көрмелер, шығармашылық кездесулер, талқылаулар мен мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып, оқырмандардың өнер мен әдебиетке деген танымы кеңейеді.

Қорытындылай келе, кітапханадағы өнер бойынша әдебиет бөлімі, «Бәрін білгім келеді» сурет салу үйірмесі және жүзеге асырылып жатқан жобалар – оқырмандардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, ұлттық мәдениетті дәріптеуге және рухани бай тұлға қалыптастыруға қызмет ететін маңызды мәдени орталық болып табылады. Өнер бойынша әдебиет бөлімі – шабыт іздеген, сұлулықты бағалайтын, мәдениетке бейжай қарамайтын оқырманға арналған ерекше кеңістік. Рухани әлеміңізді байытқыңыз келсе, өнердің тылсым сырларына үңілгіңіз келсе – бізбен бірге болыңыз!

**Ж. ҚҰРБАНОВА,**  
Әл-Фараби атындағы қалалық  
ғылыми-әмбебап кітапханасы



## БОТАНИКАЛЫҚ БАҚТА ҚЫЗҒАЛДАҚТАР ЖАЙҚАЛЫП ТҰР

Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институтында қызғалдақтар қауызын ашты. Жылыжай кешенінде өсірілген гүлдер ғылыми жобалардың нәтижелілігін және жүргізілген селекциялық жұмыстардың тиімділігін көрсетіп отыр. 2022-2024 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыруы аясында «Қазақстанда қызғалдақтың бастапқы материалдар коллекциясын жасау, эксклюзивті түрлері мен сорттарын көбейту мен өсірудің инновациялық технологиясын әзірлеп, қолданысқа енгізу» ғылыми жобасы жүзеге асырылды. Аталған жоба шеңберінде қызғалдақтың жерсіндірілген және перспективті сұрыптарын өндіріске енгізуге ғылыми негіз қалыптастырылып, селекциялық жұмыстарға арналған бастапқы материалдар қоры жасақталды. Қазіргі уақытта ботаникалық бақтың жылыжайында қызғалдақ өсіру жұмыстары жоспарлы түрде жалғасуда. Биыл қызғалдақтың 7 түрлі сұрыпынан 7000 дана пиязшық отырғызылды. Биылғы маусымның ерекшелігі – бұған дейін қызғалдақтарды ғылыми зерттеу тобы өсіріп келген болса, осы жылы ботаникалық бақтың жұмысшы мамандары өсіріп шықты. Бұл ғылыми әзірлемелердің тәжірибелік деңгейде тиімді игерілгенін және технологиялардың тұрақты түрде өндірістік үдеріске енгізілгенін көрсетеді. Ботаникалық бақта өсірілген қызғалдақтар жыл сайын наурыз айындағы мерекелік іс-шаралар аясында университеттің ардагер оқытушылары мен серіктестеріне табысталады. Сонымен қатар ғылыми жоба нәтижелерін коммерцияландыру бағытында өнімді нарыққа шығару мүмкіндіктері қарастырылған.

Университет ғалымдары қызғалдақ өсіру, жерсіндіру және селекциялау бағытындағы зерттеулерді кезең-кезеңімен жалғастырып, отандық гүл шаруашылығын дамытуға жүйелі түрде үлес қосуды көздейді.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі

## ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша Департаменті Департамент ПС КНБ РК по Туркестанской области

### ЗАПАСТАҒЫ ОФИЦЕРЛЕРДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУ НАБОР НА ВОИНСКУЮ СЛУЖБУ ОФИЦЕРОВ ЗАПАСА

#### ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

Тұрақты жалақы (зейнетақы ұстамсыз, қолға)  
350 000 тт бастап  
Тұрғын үй төлемдері әр отбасы мүшесіне  
68 000 тт  
Киім – көшөкпен  
Медициналық сақтандыру  
Төлөңбелі кезекті демалыс  
Карьера құру мүмкіндігі

#### ТАЛАПТАРЫ

29 жасқа дейін  
Денсаулықтық жарамды болуы  
Дипломның орта 4 балдан (БРА 2.67)  
төмен емес болу тиіс  
ҚР кез келген аумағында қызмет етуге дайын  
Өзі және жақын туыстары сотталмаған болуы  
Қажетті мамандықтары бар:  
(медициналық, байланыс және  
ақпараттық технологиялар, мал дәрігерлері,  
тыл техникалық және  
теңіз мамандары, психологтар,  
тілшілер, қаржы және заңгер мамандары)



**БАЙЛАНЫС НӨМІРЛЕРІ  
КОНТАКТНЫЕ НОМЕРА**  
кадр бөлімі: 8-7252-98-30-91  
Whats App: 8-775-665-14-12

#### ПРЕДОСТАВЛЯЕТСЯ

Заработная плата (без пенсионных удержаний,  
на руки) от 350 000 тт  
Жилищные выплаты на каждого члена семьи  
68 000 тт  
Обеспечение форменным обмундированием  
Медицинское страхование  
Ежегодный оплачиваемый отпуск  
Возможность карьерного роста

#### ТРЕБОВАНИЯ

До 29 лет  
Годен по состоянию здоровья  
Средний балл диплома не ниже 4 (БРА не менее 2.67)  
Готовность проходить службу в любом регионе РК  
Отсутствие судимости у самого кандидата и  
его близких родственников  
Наличие необходимых специальностей:  
(медицинские, связи и информационные технологии,  
ветеринарные, тыловые,  
технические и морские специалисты,  
психологи, филологи,  
финансисты и юристы)



## АЛИМЕНТ ПЕН АЙЫППҰЛДАРДЫ ТӨЛЕУ – ЗАҢ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қазіргі таңда қоғамда әкелердің алимент төлеуден жалтарыуы, өз перзенттері алдындағы қаржылық міндетін орындамауы өзекті мәселеге айналды. Сондықтан сот орындаушыларының күнделікті тәжірибесінде алимент өндіруге қатысты атқарушылық құжаттар саны азаймай келеді.

Мәселен, қазіргі таңда менің өндірісімде алимент өндіру бойынша 110 атқарушылық іс бар. Оның басым көпшілігі 1985-2003 жылдары туған азаматтарға қатысты. Осы ретте, әкелердің өз балалары алдындағы міндетін орындамауы – ойлантарлық жайт. Кейбір борышкерлер алимент төлеуден жалтарып, табысын жасыруға тырысады. Тәжірибе жүзінде тіпті табыстарын букмекерлік кеңселер арқылы айналдырып, бәске тіккен қаржысы алимент қарызынан асып кеткен жағдайлар да анықталды. Мұндай жәйттар бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 139 және 430-баптарына сәйкес шара қолдану мәселесі қарастырылады. Бүгінде бұл бағыттағы жұмыстар Шымкент қаласы Еңбекші ауданы прокуратурасының бақылауында.

Жұмыс барысында жиі кездесетін жағдайдың бірі – борышкердің ресми жұмыссыз болуы немесе табысын растайтын құжат ұсынбауы. Мұндай кезде алимент берешегі Қазақстан Республикасындағы орташа айлық жалақы мөлшеріне сәйкес есептеледі («Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 99-бабы 3-тармағы). Қазіргі таңда бұл көрсеткіш 429 368-448 620 тенге аралығында. Яғни табысын жасыру немесе жұмыссыз жүру алимент міндетінен босатпайды, керісінше қарыздың

еселенуіне әкеледі.

Сондай-ақ сот актілерін мәжбүрлеп орындату барысында түрлі шараларды қолдануға тура келеді. Ерікті орындау мерзімі өткеннен кейін борышкерлердің банк шоттарына тыйым салынып, жылжымалы және жылжымайтын мүліктеріне шектеу қойылады, нотариаттық әрекеттер тоқтатылады. Егер берешек 40 айлық есептік көрсеткіштен асса (2026 жылы – 173 000 тенге), борышкердің Қазақстан Республикасынан шығуына уақытша шектеу қойылады. Бұдан бөлек, атқарушылық іс жүргізу шығындары мен жеке сот орындаушысының қызмет ақысы да борышкерден өндіріледі.

Жоғарыда өз тәжірибемде атап көрсеткендей, көп жағдайда мәселені мәжбүрлеу шараларына жеткізбей-ақ шешуге болады. Ол үшін сот шешімдерін уақытылы орындау жеткілікті.

Анығын айтқанда, алимент – бұл жай ғана төлем емес, бұл – баланың алдындағы әкелік жауапкершілік. Әке мен бала арасындағы байланысты ешқандай қарызбен өлшеуге болмайды. Сондықтан әр азамат өз міндетін уақытында орындап, заң талаптарын сақтауы тиіс деп санаймын.

**С.Б.БАЙДЫБЕКОВ,**  
Шымкент қаласы атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы

Лудомания – бұл құмар ойындарына тәуелділік. Жаман әдет адамды өмірдің басқа салаларынан ауытқуына, әлеуметтік және экономикалық қиындықтарға ұшырауына алып келетін патологиялық жағдай. Құмар ойындарын ойнау, отбасының жұмыстың берекесін кетіріп ауыр қаржылық жағдайға ауыр салмақ түсіретінін өмірден көріп жүрміз.



## ЛУДОМАНИЯ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ

Әсіресе, мемлекеттік қызметшілердің ойынға тәуелділік жағдайы ерекше алаңдаушылық тудырады, себебі:

Тәуелділік адамды қаржылық қиындықтарға алып келеді. Ал, бұл көптеген келеңсіздіктерді тудырады.

Мүдделер қақтығысы, сыбайлас жемқорлық қаупін тудыруы ықтимал. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметке деген сенімнің төмендеуіне әкеледі.

Лудоманияның мемлекеттік қызметшінің кәсіби іс-әрекетіне және қызметтік міндеттерін адал орындауына кедергі келтіруі мүмкін.

Мемлекеттік қызметшілер арасында лудоманияның таралуы тек жеке адамның проблемасы ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік органдардың беделіне, жұмыс тиімділігіне және қоғам алдындағы сенімге әсер ететін маңызды әлеуметтік мәселе болып табылады. 2024 жылдың 8 шілдесінде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына бірқатар түзетулер енгізіліп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа шектеу пайда болды.

Атап айтқанда, аталған заңның 12-бабының 1-тармағы «жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді жасауына жол бермеу мақсатында, аталған адамдар "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген анықтамаға жататын ойын мекемелерінде құмар ойындарға және (немесе) бас тігуге құмар ойындарға және (немесе) бас тігуге сол үшін бөлінбеген орындарда қатысу немесе телекоммуникация желілерін, оның ішінде интернет желісін пайдалану арқылы өткізілетін құмар ойындарға және (немесе) бас тігуге қатысу бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды» деген мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауы лауазымға қабылдаудан бас тартуға не жұмыстан шығаруға (атқарып жүрген лауазымынан босатуға, өкілеттіктерін тоқтатуға) алып келеді, оларды сақтамау жұмыстан шығаруға (атқарып жүрген лауазымынан босатуға, өкілеттіктерін тоқтатуға) негіз болып табылады.

Заңның аталған тармағы 2024 жылдың қыркүйек айында заңды күшіне енген.

Осылайша, заңнаманың талаптары бүгінгі таңда барынша күшейді.

Бұл ретте, құмар ойын мекемелеріне бару тәртіптік жауаптылықты көздейтін болса, құмар ойынына қатысу қызметтен босатуға

алып келетінін ерекше атап өту қажет.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның 18-бабына сәйкес, мемлекеттік қызметке қабылдану кезінде азаматтар өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін және соған негізделген беделін жеке басының, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға алып келуі мүмкін әрекеттерді болғызбау мақсатында өзіне Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген шектеулерді қабылдайды.

Заңның 10-бабының 7)-тармақшасына сай, мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді сақтауға міндетті.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді қабылдауға мемлекеттік қызметке қабылдаудан бас тартуға немесе қызметтен шығаруға әкеп соғатынын, сондай-ақ мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген міндеттерді және (немесе) шектеулерді сақтамауы мемлекеттік қызметті тоқтатуына негіз болып табылатынын назарыңызға жеткіземін.

Осы орайда, Заңның 61-бабының 3-тармақшасына сай, аталған негізді қызметтен шығарылған мемлекеттік әкімшілік қызметшілер теріс себептермен қызметтен шығарылған болып танылады.

Сондай-ақ, Заңның 16-бабы 3-тармағының б)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік қызметке кіріп алдындағы бір жыл ішінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді немесе қызметтік әдепті сақтамағаны үшін қызметтен шығарылған азаматты мемлекеттік қызметке қабылдауға болмайтыны хабарланады.

Осы орайда, әрбір жағдайдың өзіндік ерекшелігі болатынын, сәйкесінше жасалған әрекет бойынша қандай да бір шешім қабылдау нақты жағдайға қатысты барлық мән-жайлар мен оған қатысты барлық құжаттарды зерделеу нәтижесімен Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес жүзеге асырылу қажеттігін ескеру қажет. Қызметшінің әрекетіне қатысты шешімді заңнама талаптарына қатаң сақтай отырып мемлекеттік лауазымға қабылдауға құқығы бар тиісті лауазымды адам қабылдайтын назарыңызға жеткіземіз.

**М.ИГЛИКОВА,**

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің әдеп жөніндегі уәкілі

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Kaz Biotech Group» ЖШС-нің Шымкент қ., 216-квартал, 344-учаскеде өсімдік майын өндіру үшін, ықтимал әсерлер туралы есеп ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Тыңдау өткізу күні, уақыты және орны: **06.04.2026 ж. сағат 15:00.** Шымкент қ., 216-квартал, 344-учаскеде.

Жобаның тапсырыс берушісі: «Kaz Biotech Group» ЖШС, БИН: 160140014400 мекен-жайы: Шымкент, Еңбекші ауданы, К.Цеткин көшесі, 43В ғимарат, e-mail: [guli\\_5252@mail.ru](mailto:guli_5252@mail.ru), тел.: +7 701 721 8218

Ықтимал әсер туралы есепті әзірлеуші: «EcoScienceGroup» ЖШС, мекен-жайы: Шымкент қаласы, М. Пошанов көшесі, 32/28 үй, БИН: 230840042704, e-mail: [ecoscience@mail.ru](mailto:ecoscience@mail.ru), тел.: +7/700/423-29-82.

Жобалық құжаттамамен танысу [www.ndbecology.gov.kz](http://www.ndbecology.gov.kz) порталынан қарауға болады. Қосымша ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: [ecoscentre2018@mail.ru](mailto:ecoscentre2018@mail.ru),

тел. +7700 423 29 82.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда «Шымкент қаласының қалалық жайлы органы дамыту басқармасы» ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: [g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz](mailto:g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz), тел.: 8 (7252) 53-02-75.

Zoom конференциясына қосылу үшін сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/2488272026?pwd=JwKR9YzTYMcQB1d0aPW7KlUwGb6jq.1>

Конференция идентификаторы: 248 827 2026

Кіру коды: 123456.

Географиялық координаттары 42°27'12.9"N 69°37'10.2"E

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Kaz Biotech Group» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях (ОВВ) к проекту по производству растительного масла, расположенному по адресу: г. Шымкент, квартал 216, участок 344. Дата, время и место проведения общественных слушаний: 06.04.2026 г., в 15:00 Адрес: г. Шымкент, квартал 216, участок 344.

Заказчик проекта: ТОО «Kaz Biotech Group», БИН: 160140014400, адрес: Шымкент, Еңбекші ауданы, К.Цеткин, здание 43В., e-mail: [guli\\_5252@mail.ru](mailto:guli_5252@mail.ru), тел.: +7 701 721 8218.

Разработчик ОВВ: ТОО «EcoScience Group», адрес: г. Шымкент, ул. Переулок М. Пошанов д. 32/28, БИН: 230840042704 e-mail: [ecoscience@mail.ru](mailto:ecoscience@mail.ru), тел.: +7/700/423-29-82.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz>. Дополнительную информа-

цию можно получить по номеру и эл. адресу: [ecoscentre2018@mail.ru](mailto:ecoscentre2018@mail.ru), тел. +7700 423 29 82.

Заинтересованная общественность может направлять свои замечания и предложения по материалам, выносимым на общественные слушания, а также по опубликованному протоколу общественных слушаний в письменной или электронной форме в ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент» по адресу: г. Шымкент, проспект Тауке хана, 6 E-mail: [g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz](mailto:g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz) Тел.: 8 (7252) 53-02-75

Ссылка для подключения к Zoom-конференции:

<https://us04web.zoom.us/j/2488272026?pwd=JwKR9YzTYMcQB1d0aPW7KlUwGb6jq.1>

Идентификатор конференции: 248 827 2026

Код доступа: 123456

Географические координаты: 42°27'12.9"N 69°37'10.2"E

### МҰРАГЕРЛІК АШЫЛДЫ

2023 жылдың 25 шілдесінде қайтыс болған Успанова Алия Дүйсеновнаның артынан мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлер немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Базарбаева Райхан Маратқызына хабарласуы керек. Тел. 8 700 770 48 70.

Редакция мекен-жайы: Шымкент қаласы, Ақпан батыр көшесі, 7. E-mail: [kyzmet\\_kz@mail.ru](mailto:kyzmet_kz@mail.ru)



Меншік иесі:  
«Қызмет Газеті» ЖШС

Директор:  
Бейсенкүл НАРЫМБЕТОВА

Бас редактор:  
Мақпал ҚҰРБАНҚЫЗЫ

Тілші:  
Сейдалы ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ  
Әлия ӘУЕСБЕКОВА

Тарату бөлімі:  
Дина ХАЙМЕТОВА  
+7771 66 88 765,  
+7775 650 27 75

Газет 2009 жылдың 29 мамырында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылмаларын есепке алу туралы №10166-Г куәлігі берілген.

Редакция авторлар мақаласына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. «Қызмет» газетінде жарияланған материалдар мен суреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Газетте жарияланған жарнама мәтіні мен сапасына редакция жауап бермейді. Газеттің кейбір материалдары мен суреттері интернет желісінен алынған.

Газет жұма күндері шығады

Газет «M-press» ЖШС Баспа үйінде басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов к-сі, 18-үй

Таралымы 3100 дана. Тапсырыс